

● **Өнеге**

«Көнеден келе жатқан сал-серілер дәстүрін жалғастырушы, сол ұлы көштің соңғы тұяғы». Бұл – жазушы Ғабит Мүсіреповтің көмейінен ән-жыр төгілген, есімі қазақ-қырғызға бірдей мәлім Кенен Әзірбаев жайында түйіндеген ойы. Халкының өлшеусіз қошеметіне бөленіп, тасырға жуық ғұмыр кешсе де, «бұл дүниеде «темір өзек» ешкімнің жоқ екенін» ұғындырып кеткен қарт акынның бар өмірі әсіресе, балаларымен мәнді әрі мағыналы болғаны анық. Демек, аты аңызға айналған қазақтың біртуар перзентінің аманатын арқалаған ұрпағы барда оның ұлы көші ешқашан тоқтамайтыны, қайта жалғаса берері сөзсіз. Бүгінде акынның артында қалған ұрпағының ұзын санының тоқсаннан асып жығылуы – соның айғағы. Таяуда біз Кенен атаның шығармаларын халыққа кеңінен насихаттап жүрген ұлы, сазгер, аудармашы, қаламгер Бақытжан ӘЗІРБАЕВҚА жолығып әңгімелескен едік. Сұхбат барысында көптеген дерек, мәліметтерге қанықсандай болдық. Төменде солардың бір парасын оқырман қауымға ұсынуды жөн көрдік.



«Атасы тектілердің тұғыры асыл, Ұрпағы бір тартады қалыбына»

– Бақытжан аға, Кенен акын өзінің бар ғұмыр жолын өлемен өрнектеп өріп, кейінгі буынға мұра етіп қалдырған жан. Оның ұрпағына, яғни балаларына арнап жазған жырларының өзі бір төбе. Ендеше, әңгіменізді алдымен, Кенен атадан тараған балаларынан бастасаңыз. Сіздер отбасында қанша ұл-қыз тәрбиеленіп, өсініздер?

– Өз өмірінен алып, өлең өрген ақындар сирек кездеседі. Әкемнің кез келген әнін, өлеңін алсаңыз да өзінің көзбен көріп, бастан кешіргенін бейнелейді. Екі баланың өліміне арнап, ертеректе шығарған «Базар-Назар» әні ақ ешкінің зары болып елге кең тараған. Тіпті, көзі тірісінде акынның өзі де, әні де аңызға айналып кеткендігі сондай, ел арасында: «Кенен акын бұл өмірден тұяқ көрмей өтіпті, артында ешкім қалмаған», дейтін жаңсақ пікір қалыптасқаны да рас. Кейде шалғайда жатқан ағайындарға барғанда осындай сөзді өзімнің де естіген кездерім болды. «Қарағым, көңіліңе ауыр алып қалма! Ол кісіден ұрпақ қалмаған деуші еді. Бәлкім, туыс немересі боларсың!» дегенді сыйлайлап жеткізетін. Сондайда өзімді бір ұрлық жасаған адамдай, ыңғайсызданып қалатын едім. «Ол не дегеніңіз? Ақынның арамыздан кеткені кеше ғана емес пе? Екі әйелінен қалған ұрпақтар бармыз. Үлгілдек бәйбішесінен Талжыбек, Ұлтай атты қыздар бар. Насиха шешемізден екі ұл, үш қыз бармыз. Осылардан тараған үрім-бұтақ өсіп-өніп, өз әлініше өмір сүріп жатыр. Талжыбектің Бәтима деген қызынан туған Жұмабайдан ағамыз туажат сүйіп кетті. Құдайға шүкір, әкеміздің арты жаман емес», деп түсіндіріп беретінімін білмейтіндерге.

Насиха шешеміз екем тұрмысқа шыққанда он жеті жаста екен. Ол кезде әкемнің атағы қырғыз-қазаққа түгел тарап, елдің аузынан түспей жүрген кезі. Оның үстіне жана үкіметтің жаршысы болған әрі Қордай елінің «болшысы» деп атайтын жұрт. «Ел мақтаған жігітті, қыз жақтаған» демекші, Кенендей адамның жары болу үшін ұйықтасам түсіме де кірмеген жай», дейтін шешем. Сонымен, Насиха анамыз үлкеніміз Төрткенге дейін жеті күреск көтерген адам. Соның бәрі жастай шетіней беріпті. «Бала өлімінен әбден запы болған жүрегім осы қыз туғанда аса қуанған жоқпын. Қуаныштан гөрі көңілімде қорқыныш тұратын еді», дейтін анам. «Бақ берсін барған жерде Төрткенім-ай, өзіңді аңсап жүріп өпкенім-ай», деп ақынның ақ жарыла бата беретін қызы осы. Сондықтан: «Тол басым, Төрткенім», деп отырушы еді жарықтық. Кейін

әке-шешеміз Төрткеннен кейін ұл да, қыз да сүйді. Күпті болып жүрген көңілдері орнына түскендей, баланың зарын ұмыттырғандай кез еді бұл. Елу жаста көрген қызы әкесінің бүкіл өнерін бойына сіңіріп өсті. Елу бесінде Көркемжан, алпысқа толғанда мен, одан кейін де құдайдың берері бар екен, артынан Ақтамақ, Ақбілек қыздары дүниеге келді.

– Былайғы жұрт Кенен атаның «Келінжан» деген әнінің Көркемжан ағанызбен байланысты екенін білсе де, оның негізгі шығу тарихынан көп хабардар емес секілді. Бұл ән қалай туған еді?

– Көркемжанның менен алты жас үлкендігі бар. Қызыл шырпылы, қою кара касты, көрікті жігіт болатын. Көңілде тарыдай арамдығы жоқ, аңкылдаған жан. Қолы тым ашық, ақжүректің нағыз өзі. Кім не айтса да соған наып қала беретін. Бұл ағамды үйлендірудің өзі біраз жыр болғаны әлі есімде. Ол мектеп бітіре салысымен әкем дереу жоғарыдағы ойын жүзеге асыруға кіріскен еді. «Бала әлі жас қой. Әрі қарай оқуын жалғастырсын. Асығатындай не болды?» деп шешемнің бәйектенгеніне құлақ та асқан жоқ. «Жасым болса жетпістен асты. Мен тұрғыластардың бәрі келін түсіріп емес, немерелерін үйлендіріп, шөбере сүйіп жатыр. Ойланбайсың ба, Насиха! Өзегі темір кім бар дейсін? Жаман айтпай, жақсы жоқ. Ертен ажал дөп келсе, «тұра тұр, баламның оқуы бар еді» деймін бе? Оку ешқайда қашпас. Мен еді келін түсіріп, немере қызығын көретін кезім келген шығар?» – дейтін қызулана сөйлеп.

Сонымен, келін түсіріп, шашу шашылатын күн де келіп жетті-ау! Міне, бет ашатын сәт те жақындады. Мұндайда қамшының сабындай ғана таяққа ақ мата байланып, келіннің бетін ашуға әзір тұратын пысықай жігіттер ауылда көп болатын. Бұл жолы да солардың бірі ортаға шығып: «Кенеке, келіннің бетін өзім ашып беремін, рұқсат етіңіз!» деді. Талай жерде той бастап, әккі болған жігітті жұрттың бәрі білетін. «Ашсын, ашсын», деп шуласып жатыр. Осы жерде ешкім күтпеген оқыс жағдай болды. Қолында домбырасы бар әкем елдің алдына шықты. Жүзінде қуаныштан гөрі толқу басым. Дауысында болар-болмас діріл аңғарылады. «Балам, – деді қарт ақын әлгі жігіттің қасына тақау келіп. – Мына шапан тойдың бір жоралғысы болсын. Бұған қоса өзінше тағы бір құнан атайдым. Разы бол. Қүте-күте көңілік болып, қартайғанда көрген тұңғыш келін түсіруім бұл. Әрі келінге берген батам, әрі беташары болсын. Жолыңды маған бер, қарағым», деді. Алғашында ақынның мұнысын түсінбей қалған

жұрт аңтарылып қалған еді. «О заманда бұл заман келіннің бетін атасы ашушы ма еді? Ата-салтымызда жоқ нәрсе. Кененнің мұнысы несі?» – деген күңкіл сөздер де болмай қалған жоқ. Жұрттың дабыры басымай жатып-ақ, әкем домбырасын қағып-қағып жіберіп, сөзін бастап кетті. Бағғы жанға жайлы қоңыр үн. Өлеңі де, әні де бұрын біз естімеген дүние. Тереннен қозғау салып, мұның айтқандай болады. Ақынның көмейінен шыққан әсем ән көкке өрлеп, қауалаған жұрттың көңілін баурап әкеткендей еді.

Құтты болсын келінім, аяғынан Осы еді гой күткенім баяғыдан. Мал-мүлкіне ие бол, арнап жиган, Өсекшінің сак болғын саяғынан.

Осылайша, бауу басталған ән қанатын жігіт қакқан күс сияқты бірте-бірте биіктеп, қалықтай түседі. Қарапайым ғана айтылған өлең жолдарында терен сыр жатыр. Ақынның көптен күткен арманы, жан дүниесі, қуанышы мен мұны астарласып жатқандай. Көптеп бері әкемнің нақ осылай шабыттана ән салғанын көрген емеспін. Бүкіл өмірім өлемен шопып өткендей әсер қалдырып еді. Әкемнің ұзақ жырлаған өлеңі беташардан гөрі батаға, тіпті, батадан гөрі тілек-насылға көбірек ұқсайтын. Бәлкім қарт ақынның дйттеген ойы да сол шығар?

Таутекеше тау-тасқа аттап кетпе, келінжан! Кір жастықты басыма жастап кетпе, келінжан! Аскар бәлім, шалқар көлім, келінжан! Қуанышым, жігер күшім, келінжан! Ендігі бар байлығым да, арқа сүйер күш-қуатым да сендер дегенді ақын осылай жеткізін еді. Көркемжан екеуін қатар тұрғызып қойып, ұзақ жыр төкті. Келіннің бетін ашып, екеуінің маңдайынан кезекпен иіскеп, батасын берді. Қаулапал келіп, құттықтап жатқан жұрт ақынның жанарындағы жас тамшысын аңғарған да жоқ.

Ақынның әні мен өлеңі ауыздан-ауызға көшіп, тез тарап кетті. Қордайдың қай өңіріне барсаң да той-томалақта әкемнің осы өлеңін шырқап жатқан елді көруші едік. «Келінжан» дейтін әні өмірге осылай келген.

– Ақын топ алдына шыққанда өзін қалай ұстайтын еді? Жүзінен, болмыс-бітімінен қандай құбылысты байқап, нені аңғарушы едіңіз?

– Бұрын көңіл бөлмеген болуым керек, мұны бір жиында байқадым, әкем топ алдына шыққанда арқаланып, жүзі нұрланып, сұлуланып кетеді екен. Малдас құрып отырғанның өзінде өзгелерден биіктеу, бітімі ерекше көрінетін. Әлсін-әлсін әуенің ырғағымен басын шайқап қойып, екпіндетіп жырлайды. Ақ сақалы

желкілдеп, екі нығы бүлкілдеп ат үстінде келе жатқандай әсер береді. Сол екпінге орай, сөзі де түйдек-түйдегімен шығып жататын еді.

– Әке – балаға сыншы. Ендеше, әкеніздің өсиеттері мен нақыл сөздерінің, олар өмірлік сабақ алған сәттеріңіздің бірін есіңізге түсіріңізші.

– Ио, әке – балаға сыншы. Жас кезімізде біздің бүкіл жүріс-тұрысымызды байқап, қадағалап жүретінін ол кезде пайымдап жатпайтынымыз онсыз да белгілі. Бір жолы былай деп айтқаны бар-тұғын. «Көнеден айтылатын мынадай бір ақыл-нақыл бар, қарақтарым. Ертен-ақ, бәрін де ержетіп, өмір соқпағына түсесіңдер. Алдарында не күтіп тұрғаны бір құдайға ғана аян. Сонда осы бір жайлы естеріңде ұстандар», деп он қолын алдымызға созып, әңгімесін бастайтын еді. «Міне, мынадай болмаңдар! – Атам оң қолының жұдырығын түйіп бәрімізге көрсетіп шығады. – Мұндай болсаңдар, қара тас секілді ешкімге жұғуы жоқ, өзімен өзін бөлініп қалған бір дүниесін. Досың да, дұшпаның да, қуанышың да, қайғың да жоқ, әйтеуір қара басын күйіттеген бір пендесің, – деді. – Міне, мынадай болмаңдар! – Ол ендігі жерде саусақтарын жазып, алақанын көрсететін еді. Мұндай болсаңдар, қара жол немесе жайдақ су секілді ашық-шашық қаласын. Ешкімге қадірң болмайды. Кім көрінген үстіңнен басып, аттап өте береді. – Міне, мынадай болыңдар!» – Саусақтарын, орта тұсқа дейін бүгінкіреп, бізге «көріп алыңдар» дегендей біраз тұрады. Нағыз адамға тән, мазмұнды ғұмыр кешкісі келгендер үшін ең керегі де, ең мәндісі де осы қалып. Өмір болған соң басыңнан бәрін кешіресің. Өкініш те, сүйініш те, қайғы мен қуаныш та кезек алмасып жатады. Досына сүйініп, дұшпанына күйінесің. Кірісін де бар, шығысын да бар бел орта деген осы. Халықтың «жусаннан аласа, бетегеден биік» дейтіні осыған саяды. Ақылын асып, өнерің тасып жатса да кішіпейіл, қанағатшыл болыңдар. Бұл дүниенің көнеру мен жаңарудан, жыртылу мен жамалудан тұратыны ақиқат. Тірішілтің бұлжымайтын заңы осы.

Әкем, міне, осылай деп нақыл сөз, өсиет айтатын еді.

– Кенен ата көп ақын-жазушымен, өнер қайраткерлерімен достық қарым-қатынаста болып, хат алысып тұрған екен. Әкеніздің Сәбит Мұқановқа да ерекше ықыласпен қарағаны туралы айтылады. Мұны: «Сәбитпен достығымды кім білмейді, Кейбіреу

– Базар, Назар өлген соң әкем көпке дейін өзіне өзі келе алмай, ешнәрсеге зауқы болмай жатып қалған екен. Қолына домбырасын алуды да ұмытқан сыңайлы. Ақынның қапалы күйін көріп-біліп жүрген ағайын бас қосып, ақылдаса келе шешем екеуін жайлауға апарып тынықтыру керек деп шешеді. Қырғыздың Сусамыр дейтін жерінде екі елге ортақ Ыстық ата жайлауы бар. Қазақтың шоң ақыны келіпті, Сусамырда демалып жатыр екен, деген хабар әкемді бұрыннан білетін қырғыз достарына да жетеді. Содан Осмонқұл, Атай, Мұса, Алымқұл бастаған бір топ қырғыз ақын-жыршылары «Кенекене сәлем беріп, қайғысына ортақтасып қайтайық», деп арнайы іздеп келіпті. Олардың сондағы өлемен көңіл айтуы көп қайталанар бермейтін оқиға. Жөн білетін, халықтық дәстүрдің не екенін жете түсінетін тұлғалар кесек қимыл-әрекеті деп бағалайды білетіндер оны.

– Қария сексеннің бел ортасына келгенше аттан түспеген деседі...

– Әкем үнемі қос ат ұстайтын еді. Екеуінің мінезі екі басқа. Бірі шабаңдау, үрку-шошуды білмейтін, көңпіс, аяңға шыдамды жылқы. Әкем мұны көбіне ауыл арасына мінітетін. Екіншісі қызқанды, құлақтарын қайшылап, бір орнында тыпыршып тұра алмайтын мінезді жылқы. Бітімі сұлу, соған орай, қашыққа шабатын ұшқыр болып келеді. Мұнысын әкем алыс жолға шыққанда, той-томалақтарға мінеді. Қарт ақынның атқа отырысының өзі әсем еді гой. Бойы сұнғақ. Атқа қонғанда денесін тік ұстайтын. Қасындағы серіктерінен төбесі оқшау көрініп, ақ сакалы желкілдеп кетіп бара жатады. «Кенекенің атқа отырысы қандай? Шіркін, жігіт кезіндегісін көрер ме еді!», деп жұрт таңғалып еді. Ал өзі: «Сылап-сылап, жақсы көріп тұрғаныңды ат та сезеді. Ал машинаға тегіс тас жол керек. Ат баратын жерге ол бармайды. Тау-тасты, сай-жыраны өрлеп, кәусар бұлақтан су ішпеген соң, оның несі қызық?», – дейтін қалжың-шынын араластыра.

– Ақын ғұмыр кешкен кезеңде оның әуезді әнін тыңдап, мағыналы сөзін естуге ықылас-ниет танытқан жұрттың санында есеп болмағаны анық. Сондай бір алқалы жиындарда, мерейтойларда оған сый тарту арқылы жылы лебізін білдіріп, қошемет көрсеткендер көп болған шығар. Әкенізге тарту етілген сыйлардың ішінде ерекше әсер қалдырғаны болды ма?

– 1959 жылдың маусым айында Қордай төсін дүбірлетіп, ақынның 75 жылдық мерейтойы аталып өтті. Шапан жауып, бөрік сыйламаған ешкім қалмады-ау деймін?! Менің есімде қалғаны – халқымыздың біртуар ұлы, атақты композитор, академик Ахмет Жұбанов әкелген қызыл қоңыр түсті домбыра. Беткі жақтаулары түгелдей мүйізбен көмкерілген, мойны қынадай қызғылт аспаптың үні де ерекше екен. Әкем өзінің осы мұрекеге арнап шығарған «Жетпіс бес» деген әнін тұңғыш рет осы домбырамен орындап еді. «Сайра тілім, шырқа үнім, сайрамасқа қоймайды ардақты елім», деп қүйкылжыта шырқады. Бұдан кейін де ақын көзі тірісінде осы домбыраны қолынан тастаған емес. Қайда барса да, қандай сапарға шыкса да өмірінің соңына дейін ол жан серігі, сырласы, қимас досы болғаны ақиқат. Төксанның торғынына орғанша үніне үн қосып, ақынның өзімен бірдей жасасқан ақ ниет домбыра еді бұл.

– Бақытжан аға! Өзіңіз айтып, біз біліп отырғандай сіз атақты ақын, үлкен композитордың ұлықсыз. Халық, ел қадірлеген тұлғаның перзентісіз. Әріптестеріңіз, өзіңізді жақсы білетін достарыңыз сізді де өнерден қара жауа емес адам деп айтпайды. Сөз соңында мамандығыңыз, атқарған жұмысыңыз бен шығармашылығыңыз туралы мағлұмат бере кетсеңіз.

– Ауылдағы орта мектепті бітірген соң Казі У-дің журналистика факультетіне оқуға түстім. Университетті аяқтайтын жылы міндетті әскери борышымды өтеу үшін Қиыр Шығысқа, Бурятия жеріне аттандым. Одан қайтып келген соң «Қазақстан», «Қайнар», «Жалын» баспаларында редактор, аға редактор қызметін атқардым. Әділет министрлігінде аударма бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еттім. Содан кейін Парламент Сенатының редакциялық-баспа бөлімінде бас консультант сектор меңгерушісі болдым. Осы қызмет жолында мамандығымға байланысты жазу-сызу жұмысынан ажыраған емеспін. 30-ға жуық ән шығардым. Бұл туындыларым кезінде нотасымен «Көңіл кептері» атты атаумен жеке жинақ болып шыққаны бар. Одан басқа «Әке рухымен сырласу», «Кенен» деген деректі кітаптардың авторымын. Бойымдағы осы қабілет, қарымым әкемнен жұққан қасиет деп есептеймін.

– Әңгіменізге рахмет.

Әңгімелескен
Ләйла ЕДІЛҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан».

АСТАНА.

Мен – батырдың ҚЫЗЫМЫН

Біздің әкеміз Матай Байысов 1903 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Талдықорған ауданы, Шымыр ауылында дүниеге келген. 1922-1926 жылдар аралығында Көксу ауданындағы «Батырақ» ауылының бастауыш мектебінде білім алып, 1927 жылдан бастап еңбекке араласады. Қоғамдық жұмыстарға бел шеше араласа жүріп, 1928-1932 жылдар аралығында аудандық комсомол ұйымының хатшысы, одан кейін «Батырақ» колхозының төрағасы қызметтерін атқарады.

1934-1936 жылдары Қоғалы ауданындағы «Бас көпір» колхозында басшылық жұмысын абыроймен алып жүріп, кейін келе «Қарғалы» мақта-мата комбинатының директорлығына ауысады. 1937 жылы Көксу ауылшаруашылық техникумын бітіріп, ауданда бас есепші, жауапты басшылық қызметтерін ойдағыдай атқарғаннан кейін, Матай Байысов 1940 жылы Алматы ауылшаруашылық институтын тәмамдап, Талдықорғандағы МТС-3 зауытына директорлық қызметке тағайындалады.

Партияның белсенді мүшесі бола жүріп 1942 жылы ел басына күн туған ауыр кезеңде өз еркімен майдан даласына сұранған ол Украина майданындағы 136-ақыштар дивизиясы қатарында әскери борышын өтеуді бастайды. Пулемет командирі ретінде қиян-кескі ұрыста өзіне



тапсырылған шептен жау әскерін өткізбеу туралы арнайы тапсырма алған Матай Байысов ерен ерлігімен көзге түседі. Соғыстың алғашқы күнінен бастап командир Байысов басқыншы фашистерден жол торабын тазарту, жау бекіністері орналасқан майдан даласын азат ету, екпінді қатты дұшпан әскеріне ойсырата соққы беріп, үнемі шабуылдай отырып алға жылжу секілді маңызды тапсырмаларды мұлткісіз орындап отырған.

Қиян-кескі ұрыстармен Днепрден өткеннен кейін жау қолында қалған елді мекендерді азат ету жолында кенес әскерлері басқыншы жауды Батыс аймаққа қарай түре қуады. Осы орайдағы ерлігі үшін Матай Байысов «Богдан Хмельницкий» орденімен, «Суворов», «Кутузов» медальдарымен марапатталды. Соғыстың ең ауыр да азапты күндерінің бірінде қасындағы жауынгерлердің бәрі оққа ұшып, Матай Байысов дұшпанға қарсы жалғыз өзі пулеметпен оқ жаудырып төтеп берді. Алайда, осы шайқаста өзі де ерлікпен қаса табады. 1944 жылы 10 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының арнайы Қаулысымен Матай Байысовқа «Кеңес Одағының Батысы» атағы берілді.

Бұл құрда батырдың мәңгілік мекені Украина жерінде Киев облысы, Черняхов ауылында орын тепкен. Черняхов селосында орналасқан мектептің мұғалімі Овчаренко дейтін азамат арнайы мақала жазып, алдағы уақытта украин жерін қорғауда ерлікпен қаса тапқан Матай Байысовтың ескерткіш мүсінін жасатқысы келетіндерін тілге тиек етеді. Осы мақаладан кейін батырдың жаңауысы атынан хат жолданып, 1973 жылы 9 мамыр Жеңіс күніне орай Байысовтар отбасын Украинаға шақыртады. Қазақстаннан келген қонақтарды Черняхов тұрғындары ыстық ықыласпен қарсы алып, көптеген кездесудер өткізеді. Сондай бір жан тебірентерлік кездесудердің бірінде украиндық карт ана Кеңес Одағы батырларын қайтадан Бауырларстар бейітінә жерлейтін кезде бір жауынгердің төс қалтасынан патрон тауып алғанын, бас оқтан шыққан қағазда «Мен Байысов Матай, ұлтым – қазақ, қазақстандықпын, партия мүшесімін» деген жазуы бар хатты көргенін, батыр туралы соңғы деректі Мәскеудегі жауынгерлер мұражайына өткізгендігін айтады. Матай Байысов туралы мәліметтерді отбасы мүшелері отставкадағы гвардия полковнигі Афанасий Чебурашкин мен армия генералы Сергей Штеменко секілді кісілердің естеліктерінен, Украина майданы туралы мол мәлімет көзі жинақталған мұражайлардан алдыртып, толымды еңбек етіп сақтап отыр.

«Орнында бар – оналар» демекші, бүгінде Матай Байысовтың туған ауылы мен өзі оқыған мектепке батыр аты беріліп, жүздеген шәкірт білім алып жатқан оқу ордасында оның ескерткіші бой көтерді. Сондай-ақ, Алматыдағы жанадан ашылған Алатау ауданының Алғабас ауылында да бір қошеға Матай Байысов есімі беріліп отыр.

Әкеміз майданда атқандарына аманызға «Балаларды оқыт, сауатты болсын, Отан алдында адал еңбек етсін!» деп тапсырып кеткен екен, Құдайға шүкір, анамыз бәрімізді оқытып, қатарға қосты. Мен де 40 жылға жуық оқу-зарту саласында еңбек етіп, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінң үздігі» атандым, 4 баланың анасымын. Қазірде Матайдан тараған ұрпақ Алматы қаласында тұрады, біріміз адал еңбегімізбен өз Отанымыздың өркендеуіне қолдан келгенше үлесімізді қосып келеміз. Келешек ұрпақ біз көрген тағдырдың тауқыметін көрмесе екен деп қашанда тілегіміз елдің тыныштығы мен заманның берекелі болуында. Біз әкеміз Матай Байысовты мақтан тұтудан қатар, сондай елі үшін жанын қиян батырдың бізге аманаттап тапсырған әкелік өсиетіне мейлінше адал болуға тырысамыз.

Зейнеш БАЙЫСОВА,
зейнеткер-ұстаз, Қазақстан Республикасы
білім беру ісінң үздігі.

АЛМАТЫ.